

## Мақаланы жариялау үшін рәсімдеу кезіндегі негізгі ережелер

2015 жылдан бастап «Балаларды ерте дамыту институты» РММ [www.irrd.kz](http://www.irrd.kz) сайтында тоқсан сайын «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналының электрондық нұсқасы орналастырылады.

Құрметті әріптестер!

Сіздерің назарларыңызға мақаланы рәсімдеудегі кейбір талаптарды ұсынамыз. Сауатты құрастырылған тізім және берілген библиографиялық сілтемелер мен түсіндірмелер белгілі бір деңгейде ғылыми жұмыстың этикасы мен мәдениетінің көрінісі болып табылады.



Біріншіден, мақалада дәйексөздерді, нақты, статистикалық және басқа мәліметтерді пайдалану кезінде олар жарияланған беттер көрсетіледі. Мәтіндік сілтемелер осы үзінді алынған дереккөздің бетін көрсететін тырнақшалардың үздіксіз нөмірленуін білдіреді. Бұл ретте дереккөзге сілтеме дәйек сөзден кейін мынадай түрде ресімделеді: (24, 52 - бет), мұнда 24 - пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі дәйексөз алынған ақпарат көздерінің реттік нөмірін білдіреді, ал 52-бет-осы дәйексөз немесе пікір орналасқан бетті көрсетеді.

Екіншіден, пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу мәдениетіне назар аударуыңызды сұраймыз. Библиографиялық сипаттама үшін ақпарат көзі титулдық парақ немесе оны алмастыратын құжаттың басқа бөліктері болып табылады. Ресми құжаттар үнемі әдебиеттер тізімінің басында орналастырылады.

Библиографиялық сипаттама үлгілері



1. А.Нәріков «Жайықтың жарық жұлдыздары» Орал, 2005ж., - 58 бет.
2. А.Жұбанов.Ғасырлар пернесі. Алматы, 2002ж.
3. С. Кенжахметұлы «Қазақ халқының салт-дәстүрлері». Алматы, 2004ж.